

«Бекітемін»  
«Зайка -Филиал» балабақшасының  
Директоры Герасимова.Т.К.  
«25» тамыз 2021 ж.



**«Коммуникация» білім беру саласы бойынша «Қазақ тілі» ұйымдастырылған оқу қызметінің  
ересек тобының «Зайки-Узнавайки»( 4-5 жас) перспективалық жоспары**

Қазақ тілі мұғалімі: Абилкаирова М.А.

**«Коммуникация» білім беру саласы бойынша «Қазақ тілі» ұйымдастырылған оқу қызметінің ересек тобының  
(4-5 жас)перспективалық жоспары**

№	Өтпелі тақырыптар	Тақырыпша	Тақырыбы	Міндеттері	Сағ. саны
1	Балабақша	1. Менің балабақшам 2. Менің достарым 3. Менің сүйікті ойыншықтарым 4. Жиһаздар	Балабақша	Өткен жылғы сөздерді еске түсірту, жаңа сөздер үйрету; қазақ тіліне тән дыбыстарды (і, ө) дұрыс айтуға жаттықтыру; тілді үйренуге деген қызығушылықтарын ояту	1
2			Біздің балабақша	Топтағы заттырды атауға, дос сөзімен таныстыру.	1
3			Ойыншықтар	Ойыншықтарды қазақша жеке, көпше түрде дұрыс атауға үйрету; сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата алуға жаттықтыру; өткен сөздерді қайталау, бекіту. Ойыншықтарын таза ұстауға тәрбиелеу	1
4			Жиһаздар	Топтағы жиһаз атауларын есте сақтау, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету	1
5	Менің отбасым	1. Менің отбасым, ата-аналар еңбегі 2. Менің көшем 3. Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік 4. Алтын күз	Отбасы	Отбасы мүшелерін атай алуға, ә дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.	1
6			Менің отбасым	Балаларды өз отбасы жайлы айтуға үйрету	1
7			Менің көшем	Балаларды қай жерде, көше атауын айтуға ынталандыру, қауіпсіздік жайлы түсінік беру	1
8			Күз	Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру; сөздерді түсініп, дұрыс айтуға жаттықтыру;	1

				түстерді қайталату, бекіту; сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру. Табиғат сұлулығын көре білуге, сүйеге тәрбиелеу	
9	Дені саудың жаны сау		Көкөністер	Көкөністер атауларымен таныстыру, есте сақтау	1
10			Дәрумендер	Дәрумендер жайлы ақпарат бері. Дәрумендердің ағзаға деген пайдасын түсіндіру.	1
11			Дене мүшелері	Тақырып бойынша жаңа сөз үйрету; ойлау шапшаңдығын дамыту, тазалыққа тәрбиелеу. Қазақ тілін білуге қызығушылықтарын арттыру	1
12			Спортты біз сүйеміз	Спорт адам өмірінде денсаулық сақтаудың бірден-бір дұрыс жолы екені туралы айту, балалармен жаттығу, ойындар ойнау, таза ауаға өз отбасыларымен қыдыруға баулу.	1
13	Менің Қазақстаным	1. Тарихқа саяхат 2. Туған өлкем 3. Астана - Отанымыздың жүрегі 4. Тәуелсіз Қазақстан (ҚР Тұңғыш Президенті, мемлекеттік	Менің Отаным - Қазақстан	Тақырып бойынша жаңа сөздермен таныстыру; өз Ота-нын, қаласын, астананы дұрыс айтуға үйрету. Ойлау, зейін қойып тыңдау қабілеттерін дамыту, Отанына деген жылы сезімдерін ояту.	1
14			Туған жер	Туған жер деген сөзтіркесімен таныстыру, туған жердің тарихымен таныстыру, туған жерді қадірлеуге, сүйіспеншілікке баулу.	1
15			Астана	Астана қаласымен танысу, тарихымен және көркем жерлерін есте сақтау	1

16		рәміздер)	Тәуелсіз Қазақстан	ҚР тұңғыш президентімен таныстыру, мемлекеттік рәміздермен таныстыру, әнұранды қайталау	1
17	Табиғат әлемі	1. Айналамыздағы өсімдіктер 2. Жануарлар әлемі 3. Құстар — біздің досымыз 4. Ғажайып қыс	Өсімдіктер	«Өсімдіктер» сөзімен танысу, бөлме өсімдіктерімен танысу	1
18			Үй жануарлары	Сөздік қорларын молайту; қазақ тіліне тән дыбыстарды ажыратып дұрыс айтуға, сұраққа сапалы түрде жауап беруге жаттықтыру. Жануарлардың аттарын көпше түрде айтуға үйрету. Ой-лау, есте сақтау қабілеттерін дамыту	1
19			Құстар	Құстардың түрлерімен танысу, құстар атауларын есте сақтау	1
20			Қыс	Жаңа сөздер үйрету, тілдерін жаттықтыру; қысқа сөйлеммен қыс ерекшеліктерін айтуға үйрету. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Табиғатты сүйеге тәрбиелеу; тіл үйренуге қызығушылықтарын арттыру	1
21			Бізді қоршаған әлем	1. Ғажайыптар әлемі (өлі табиғат құбылыстары). 2. Көліктер 3. Электроника әлемі 4. Мамандықтың бәрі жақсы	Сандар
22	Көліктер	Көліктердің қазақша атуымен таныстыру			1
23	Электроника әлемі	«Электроника» сөзімен таныстыру, тұрмыстық электротехникамен таныстыру, атауларын есте сақтау			1
24	Мамандықтар	Балабақшада қызмет ететін мамандармен таныстыру, еңбекке деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, еңбекқорлыққа баулу			1

25	Салттар мен фольклор	1. Қазақстан халықының салттары мен дәстүрлері 2. Ертегілер Елінде. 3. Өнер көзі халықта 4. Нұр төккен, гүл көктем	«Дос іздеген бота» ертегісі	Балаларға үстел үсті театры арқылы баяндап айту, сұрақ-жауап арқылы балалардың ауызекі сөйлеулерін дамыту. Мазмұнды сурет арқылы ертегі мазмұнын түсіндіру. Мейірімділікке, адамгершілікке тәрбиелеу	1
26			Наурыз мейрамы	Наурыз мейрамымен таныстыру. Балаларға Наурыз мерекесін қалай атап өтетіндігін айтып беру. Ұлттық салт - дәстүрлерді құрметтеп, оларды мақтан етуге тәрбиелеу.	1
27			Ыдыстар	Ыдыстар атауларымен таныстыру, оларды қалай сәндейтінін, кім сәндейтінін айтып беру.	1
28			Көктем	Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, сөздерді түсініп, тілдерінің дұрыс жетілуіне көңіл бөлу; сұраққа толық жауап беру дағдыларын жетілдіру. Табиғат сұлулығын көре білуге, сүюге тәрбиелеу	1
29	Біз еңбекқор баламыз	1. Аялайық гүлдерді 2. Ас атасы - нан 3. Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі 4. Еңбек бәрін жеңбек	Киім	Киім атауларымен таныстыру, сөз қорын толықтыру, ұқыптылыққа баулу	1
30			Нан бізге қайдан келеді	Балаларды нанның біздің дастарханамызға қалай келетіні жайлы түсінік беру. Адам еңбегін құрметтеуді, нанды қадірлеуді үйрету.	1
31			Жәндіктер	Жәндіктермен таныстыру, олардың атауларын есте сақтау, қызығушылықты арттыру	1
32			Анамның көмекшісі	Аналарға қандай көмек көрсетуге болады жайлы әңгімелесу, заттардың түсі, көлемі	1

				бойынша белгілерін, қимылын білдіретін сөздерді айта білуді машықтандыру	
33	Әрқашан күн сөнбесін!	1. Достық -біздің тірегіміз (халықтар достығы) 2. Отан қорғаушылар (ҚР әскері, Ұлы Отан соғысының ардагерлері) 3. Көңілді жаз 4. Мен жасай аламын	Дос	«Достық» сөзімен таныстыру, достарды бағалауға, құрметтеуге баулу.	1
34			Отан қорғаушылар	ҚР әскерімен таныстыру, Отанға деген сүйіспеншілікке баулу, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету	1
35			Жаз	Жыл мезгіліне байланысты сөздерді үйрету, сұрақты түсініп жауап беру дағдысын жетілдіру. Тілдерін жетілдіре түсу. Ойлау қабілеттерін дамыту	1
36			Есімізге түсірейік	Өткен тақырыптарды еске алу	1
	Барлығы	36 сағат			

